

Қазақстан Республикасының білім беру мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2829 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес қаулы етемін:

I. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Білім беру туралы" 1992 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 110-кұжат; 1993 ж., N 8, 154-кұжат; 1995 ж., N 15-16, 104-кұжат, N 20, 120-кұжат);

1) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Білім берудің жалпыға міндетті стандарттары

Қазақстан Республикасында меншік нысандарына қарамастан, түрлі үлгідегі білім беру мекемелерінің түлектеріне қойылатын талаптардың қажетті ең төменгі деңгейін анықтайтын білім берудің жалпыға міндетті стандарттары белгіленеді. Білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеу мен бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды";

2) 5-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім беру мекемелері меншік нысандарына қарай мемлекеттік және жеке меншік болуы мүмкін. Қазақстан Республикасының Үкіметі білім берудің мемлекеттік емес құрылымдарын құруды қолдайды";

3) 6-бапта:

екінші бөлігі "қазақ тілін" сөздерінен кейін "мемлекеттік тіл ретінде" сөздерімен толықтырылсын;

бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім беру мекемелері қазақ тілімен бірдей ресми түрде қолданылатын орыс тілін еркін оқып-үйрену мүмкіндігін қамтамасыз етеді";

4) 7-бапта:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік арнаулы орта және жоғары оқу орындарын құруды, қайта құруды және таратуды Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің және тиісті орталық атқарушы органдардың ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі; мемлекеттік мектепке дейінгі, мектептен тыс, жалпы орта, кәсіптік-техникалық білім

беру мекемелерін, сондай-ақ мамандар біліктілігін көтеру мен кадрларды қайта даярлау мекемелерін - Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері жүзеге асырады";

екінші бөлігі алынып тасталсын;

5) 12-баптың төртінші бөлігінде:

"Мектеп жасына дейінгі тәрбие беру мен оқыту туралы Қазақстан Республикасы Заңымен" сөздері "Қазақстан Республикасы Үкіметімен" сөздерімен алмастырылсын.

6) 13-бапта:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Орта білім жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттар шегінде міндетті әрі тегін болып табылады және жалпы білім беретін мектептің үш сатысында: бастауыш, негізгі және жоғары сатыларында жүзеге асырылады. Көрсетілген сатылардың әрқайсысы өз алдына дербес жұмыс істей алады";

үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірінші, екінші және үшінші сатыдағы жалпы орта білім беретін мектептердің мұғалімдері үшін нормативтік оқу жүктемесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды";

төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жалпы білім беретін орта мектептің қызмет тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді";

7) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Кәсіптік-техникалық білім беру

"Бастауыш кәсіптік білім кәсіптік-техникалық білім беру мектептерінде беріледі және жалпы орта біліммен ұштастырылады. Кәсіптік-техникалық мектептер жалпы орта білім беру жүйесінің оқу орындары болып табылады".

Кәсіптік-техникалық білім беруді сол сияқты тікелей өндірісте, курстарда, оқу-курс комбинаттарында, оқу орталықтарында және жұмысшылар даярлаудың басқа да нысандарында жүзеге асырылуы мүмкін".

8) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Арнаулы орта білім беру

Арнаулы орта білім беру толық орта білім беру базасында жүзеге асырылады және орта буын мамандарын кәсіптік жағынан даярлауды, сондай-ақ кадрлардың біліктілігін көтеруді және қайта даярлауды көздейді. Арнаулы орта оқу орындары (колледждер) жоғары білім беру жүйесінде жұмыс істейді.

Арнаулы орта оқу орындарының оқытушылары үшін нормативтік оқу жүктемесі аптасына 14 сағат болады";

9) 17-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік жоғары оқу орындарына дербес жоғары оқу орындарының мәртебесі берілуі мүмкін. Мемлекеттік жоғары оқу орындарының дербестігі туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді";

10) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Білім беру туралы құжаттар

Лицензиясы бар білім беру мекемелерін не олардың жекелеген сатыларын бітірген, лицензия алған және мемлекеттік аттестациядан өткен адамдарға Қазақстан Республикасында белгіленген үлгі бойынша білім алғандығын куәландыратын құжат беріледі. Білім беру мекемелерін бітіргені туралы құжаттар (аттестаттар, дипломдар және басқалар) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіп бойынша беріледі, ал оларды Қазақстан Республикасынан тыс жерде тану (нострификациялау) - тиісті халықаралық шарттар негізінде жүргізіледі";

11) 26-баптың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"- балалардың орта білім алғанға дейін оқу орнында сабаққа қатысуын қамтамасыз ету";

12) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Қазақстан Республикасының Парламенті мен Үкіметінің білім беру саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Парламенті мен Үкіметі білім беру саласындағы өз өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен конституциялық заңдарына сәйкес жүргізеді";

13) 34-бап мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"- Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңдарының орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

- ведомстволық қарастылығына және меншік нысанына қарамастан, кадрларды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын жоғары және арнаулы орта оқу орындарын лицензиялау, аттестациялау және аккредитациялау үшін нормативтер мен үлгі ережелер (нұсқаулықтар, регламенттер) әзірлеу және бекіту;

- жалпы білім беретін мекемелерде оқу жылының басталуы мен аяқталуын, сондай-ақ оқушылар каникулының мерзімін белгілеу;

- облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астана білім басқармаларының (департаменттердің) басшыларын қызметке тағайындау және оларды қызметінен босатуды келісу";

14) 35-баптың бірінші бөлігінің бесінші абзацындағы "негізгі" сөзі "орта" сөзімен алмастырылсын.

15) 37-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық бағыныстағы мемлекеттік жоғары және арнаулы орта оқу орындарының (әскери, дербес және халықаралық оқу орындарынан басқа) басшыларын Қазақстан Республикасының Білім министрлігі тиісті орталық атқарушы органдармен

және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерімен келісе отырып, бес жыл мерзімге немесе контракт бойынша тағайындайды".

16) 38-бап:

мынадай мазмұндағы жана алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Білім беру мекемелеріне түскен қайырымдылық құрмалдықтары мен ізгілік көмек алып қоюға жатпайды".

алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктер тиісінше жетінші, сегізінші, тоғызыншы және оныншы бөліктер болып саналсын;

17) 40-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"40-бап. Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі ақылы білім беру қызметтері

Мемлекеттік білім беру мекемелері ақылы білім беру қызметін көрсетуге хақылы. Оларға мыналар жатады:

- заңды және жеке тұлғалармен шарт жасасу арқылы шәкірттерді оқыту, мамандар даярлау және олардың біліктілігін көтеру;

- білім берудің қосымша бағдарламалары бойынша оқыту, арнаулы курстар мен пәндер циклын оқыту, репетиторлық жұмыс, пәндерді тиісті білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік білім стандарттары ауқымынан тыс тереңдете оқытын шәкірттермен сабақ жүргізу.

Ақылы білім беру қызметі бюджет қорынан қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметінің орнына және оның ауқымында жүргізілмейді.

Мемлекеттік білім беру мекемелерінің ақылы білім беру қызметін көрсету тәртібін Білім министрлігі қолданылып жүрген заңдарға сәйкес айқындайды".

2. "Жоғары білім беру туралы" 1993 жылғы 10 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 9, 206-құжат):

1) 10-баптың екінші бөлігіндегі "ұлтаралық қатынас" сөздері "ресми түрде қолданылатын тіл" сөздерімен алмастырылсын;

2) 13-баптың үшінші бөлігіндегі "тегін" сөзі "ақылы" сөзімен алмастырылсын.

3) 23-бапта:

бірінші бөлігіндегі "атқаратын қызметіне" сөздерінен кейін

"жоғары оқу орнының санатына" сөздерімен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын"

"Жоғары оқу орнына санат беру туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді";

4) 26-бапта:

төртінші бөлігіндегі "аттестатталған немесе" сөздері алынып

тасталсын;

бесінші бөлігі алынып тасталсын;

5) 29-баптың екінші бабының төртінші абзацы "банк кредиттері" сөздерінен кейін "депозиттік салымдардан, бағалы қағаздардан түсетін кірістер" сөздерімен толықтырылсын;

6) 30-баптың үшінші бөлігі алынып тасталсын.

II. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК